

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Академиялық жұмыс департаменті Академиялық сапа бөлімі	Кафедраішілік бақылау туралы	Редакция: 1
			13 беттің 1 беті

Бекітілді
Басқарма шешімімен
2025 жылғы 8 қазандағы
№ 18 хаттамасымен

**«С.Ж.Асфендияров атындағы қазақ ұлттық медицина
университеті» КЕАҚ Кафедраішілік бақылау туралы
Ереже**

Қолдану мерзімі 2025 жылғы 8 қазаннан бастап 2028 жылғы 8 қазанға дейін	Ұзарту мерзімі «__»____20__ж. бастап	Мәртебесі: Әрекеттегі ☒ Ескірген ☐
Алдыңғы ескірген құжат: жоқ	Құжатты басқаратын тұлғаның қолы: Академиялық сапа бөлімінің басшысы	Код № Экземпляр № Көшірме №

Алматы – 2025ж.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Академиялық жұмыс департаменті Академиялық сапа бөлімі	Кафедраішілік бақылау туралы	Редакция: 1
			13 беттің 2 беті

Келісу парағы

Атауы	Лауазымы	Т.А.Ә.	Әрекет түрі
Әзірлеу	Академиялық сапа бөлімінің басшысы	Сыдыкова С.И. 16.09.2025ж.	Келісілді
Келісу	Академиялық жұмыс департаменті басшысының м.а.	Кодекова Г.С. 16.09.2025ж.	Келісілді
	«Жалпы медицина» № 1 мектебі деканы	Измайлова С.Х. 15.09.2025ж.	Келісілді
	«Жалпы медицина» № 2 мектебі деканының м.а.	Елгондина Г.Б. (Шопаева Г.А. м.а.) 15.09.2025ж.	Келісілді
	Педиатрия мектебінің деканының м.а.	Кегенбаева Г.Б. (Аипов Р.Р. м.а.) 15.09.2025ж.	Келісілді
	Халықаралық факультеттің декан	Джардемалиева Н.Ж. 15.09.2025ж.	Келісілді
	Стоматология мектебінің деканы	Есембаева С.С. 16.09.2025ж..	Келісілді
	Фармация мектебінің деканының м.а.	Жуматай Ж.Ж. (Сакипова З.Б. м.а.) 16.09.2025ж.	Келісілді
	Х.Досмұхамедов атандағы қоғамдық денсаулық сақтау мектебінің деканының м.а.	Авгамбаева Н.Н. (Нурбакыт А.Н. м.а.) 15.09.2025г.	Келісілді
	Дипломнан кейінгі білім беру факультеті деканы	Баймаханов А.Н. 15.09.2025ж.	Келісілді
	Атқарушы директор	Лахов С.В. 15.09.2025ж.	Келісілді
	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет басшысы	Әнуар Ә.Ә. 16.09.2025ж.	Келісілді
	Заң департаментінің басшысы	Ахмет А.Н. 16.09.2025ж.	Келісілді
	Тәуекелдерді басқару және сапа менеджменті жүйелері басқармасының басшысы	Жангирбаев М.Т. 16.09.2025ж.	Келісілді
	Проректор	Калматаева Ж.А. 22.09.2025ж.	Қол қойылды

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Академиялық жұмыс департаменті Академиялық сапа бөлімі	Кафедраішілік бақылау туралы	Редакция: 1
			13 беттің 3 беті

Мазмұны

1. Жалпы ережелер.....	4
2. Кафедраішілік бақылаудың мақсаты мен міндеттері	5
3. Кафедраішілік бақылау функциялары	6
4. Кафедраішілік бақылаудың ұйымдастыру және жұмыс істеу тәртібі	7
5. КІБ қатысушыларының құқықтары мен міндеттері	8
6. Кафедраішілік бақылауға жауапты	9
7. КІБ қызметін ұйымдастыру және жұмыс регламенті	9
8. Қорытынды ережелер	11
9. Танысу парағы	12
10.Өзгерістерді тіркеу парағы.....	13

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Академиялық жұмыс департаменті Академиялық сапа бөлімі	Кафедраішілік бақылау туралы	Редакция: 1
			13 беттің 4 беті

1. Жалпы ережелер

1.1. Тағайындалуы

Осы Ереже Университеттегі білім беру процесінің сапасын кафедраішілік бақылау (бұдан әрі - КІБ) жөніндегі қызметті реттейтін ішкі нормативтік құжат болып табылады. Ереже КІБ қатысушыларының мақсаттарын, міндеттерін, принциптерін, рәсімдерін, нысандарын, құжаттары мен жауапкершілігін айқындайды.

1.2. Қолдану саласы

Кафедраішілік бақылау білім беру сапасын ішкі қамтамасыз ету жүйесінің (бұдан әрі - СІҚЕЖ) құрамдас бөлігі болып табылады және кафедра, мектеп / факультет (Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия) және университет (Академиялық сапа бөлімі) деңгейлерін қамтитын академиялық бақылаудың көп деңгейлі жүйесі шеңберінде жүзеге асырылады.

КІБ қызметі білім беру бағдарламаларын іске асыру сапасын қамтамасыз етуге, оқу процесін жетілдіруге және академиялық адалдық қағидаттарын сақтауға бағытталған.

1.3. Нормативтік сілтемелер

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы;
2. «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығы;
3. «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы;
4. «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы;
5. Университеттің ішкі нормативтік құжаттары.

1.4. Терминдер, анықтамалар, белгілер және қысқартулар

Термин / Қысқартулар	Анықтамасы/ Түсіндірмесі
Академиялық адалдық	Білім беру процесінде жосықсыз көріністерді болдырмайтын мінез-құлық принциптері мен нормалары
Реег-review оқыту (өзара сараптамалық бағалау)	Күшті жақтары мен даму аймақтарын анықтау, формативті кері байланыс беру және педагогикалық шеберлікті жетілдіру мақсатында әріптестердің оқытушылық қызметін сараптамалық бағалауды көздейтін кафедраішілік бақылау құралы.
КІБ	Кафедраішілік бақылау
САРА	Түзету және ескерту әрекеттері (Corrective and Preventive Actions).

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Академиялық жұмыс департаменті Академиялық сапа бөлімі	Кафедраішілік бақылау туралы	Редакция: 1
			13 беттің 5 беті

Білім сапасы	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің ұлттық халықаралық стандарттарына, негізгі стейкхолдерлердің кәсіптік стандарттары мен қажеттіліктеріне сәйкестік дәрежесін, сондай-ақ білім беру бағдарламасының жоспарланған мақсаттары мен нәтижелеріне қол жеткізу дәрежесін көрсететін білім беру қызметі мен мамандар даярлаудың интегралдық сипаттамасы
ӨБҚ	Өлшеу-бақылай құралдарын
СҚЕК	Сапаны қамтамасыз ету комиссиясы
БББК	Білім беру бағдарламалары комитеті
НҚА	Нормативтік-құқықтық акт
Білім беру сапасын қамтамасыз ету	Білім беру сапасына ықпал ететін жағдайлар жасау процесі (оқу ресурстарымен, инфрақұрылыммен, оқу жоспарларымен және бағдарламамен қамтамасыз ету)
Өтініш	Білім алушының немесе қызметкердің білім беру процесін іске асыруға байланысты қиындықтар немесе бұзушылықтар туралы ескертуді, ұсынысты, сигналды қамтитын ауызша немесе жазбаша (оның ішінде электрондық) хабарламасы. Өтініштер жеке және жүйелік, ресми және бейресми болып бөлінеді және құзырет деңгейіне сәйкес мониторинг пен берілуге жатады
ЖЖОКБҰ	Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы
БББ	Білім беру бағдарламасы
ПОҚ	Профессор-оқытушылар құрамы
Білім беру бағдарламасының нәтижелілігі	Білім беру бағдарламасының жоспарланған нәтижесіне қол жеткізу дәрежесі

2. Кафедраішілік бақылаудың мақсаты мен міндеттері

2.1. Мақсаты

Университеттің білім беру сапасын ішкі қамтамасыз ету жүйесінің саясаты мен рәсімдеріне сәйкес жүйелі педагогикалық байқау, оқу процесін іске асыруды талдау және оқыту мазмұны мен әдістемесін жетілдіру бойынша ұсыныстар дайындау арқылы кафедра деңгейінде білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау және оқыту сапасын қамтамасыз ету.

2.2. Міндеттері

1. Оқытудың сапасын, оқытудың қолданылатын әдістерін, білім алушылармен өзара іс-қимылды және бағалаудың бекітілген нысандары мен критерийлерін қолданудың дұрыстығын талдау мақсатында кафедра пәндері бойынша оқу сабақтарына педагогикалық бақылауды жүзеге асыру.

2. Білім алушылардың кері байланысының нәтижелерін, оқытушылар мен тәлімгерлердің оқыту сапасы, оқу сабақтарын ұйымдастыру және кафедра пәндерін әдістемелік қамтамасыз ету бойынша тақырыптық сауалнамаларын жүргізу және талдау.

3. Белсенді әдістерді, цифрлық құралдарды және заманауи білім беру

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Академиялық жұмыс департаменті Академиялық сапа бөлімі	Кафедраішілік бақылау туралы	Редакция: 1
			13 беттің 6 беті

технологияларын пайдалануды қоса алғанда, оқытудың мазмұнын, әдістемесін және әдістемелік сүйемелдеуді жетілдіру бойынша кафедра оқытушыларына ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу.

4. Оқытудың реер-review рәсімдеріне қатысу, педагогикалық тәжірибе алмасу және кафедра ішінде үздік тәжірибелерді тарату.

5. Кері байланысты бақылау және талдау барысында Академиялық адалдық қағидаттарының ықтимал бұзылу белгілерін анықтау, олардың статистикасы мен тенденцияларын талдау, ұйымдастырушылық шаралар қабылдау үшін анықталған проблемалар туралы кафедра меңгерушісіне хабарлау, өз тергеулерін жүргізбей және нақты жағдайларды құжаттау.

6. Бақылау және талдау нәтижелері бойынша талдамалық анықтамалар мен есептер дайындау, түзету және алдын алу іс-шаралары (САРА) бойынша ұсыныстарды тұжырымдау және мониторингтің жалпыланған материалдарына енгізу үшін оларды кафедра меңгерушісіне және СҚЕК-ға беру.

7. Мониторинг, есептілік және түзету іс-қимылдарын іске асыру бөлігінде кафедра жұмысының СҚЕК-мен және АСБ-мен әдістемелік және ақпараттық сабақтастығын қамтамасыз ету.

3. Кафедраішілік бақылау функциялары

1. Оқытудың сапасын, білім алушылармен өзара іс-қимыл әдістемесін және бағалаудың дұрыстығын талдау үшін СІҚЕЖ-нің бекітілген нысандары мен чек-парақтарын пайдалана отырып, оқу сабақтарына педагогикалық бақылаулар ұйымдастырады және жүргізеді.

2. Білім алушылардың, оқытушылар мен тәлімгерлердің бақылаулары мен кері байланысының деректерін жинайды, жинақтайды және талдайды, кафедра пәндерін оқытудың үрдістерін, күшті жақтарын және проблемалық аймақтарын анықтайды.

3. Мониторинг нәтижелерін, анықталған тәуекелдерді, САРА-іс-шаралар бойынша ұсынымдар мен ұсыныстарды қамтитын талдамалық анықтамалар мен есептерді қалыптастырады және оларды кафедра меңгерушісіне және СҚЕК-ға жібереді.

4. Кафедра оқытушыларына оқыту әдістемесін жетілдіру, белсенді білім беру технологиялары мен бағалау құралдарын қолдану бойынша ұсыныстар әзірлейді.

5. Реер-review оқытуды (сабақтарға өзара қатысуды) өткізуді үйлестіреді, кафедра отырыстарында құжаттаманы және нәтижелерді талқылауды қамтамасыз етеді.

6. Мониторинг барысында анықталған Академиялық адалдық қағидаттарының (саны, түрлері, тенденциялары) ықтимал бұзушылықтарының белгілерін талдайды және талдау материалдарында жинақтайды және ақпаратты ұйымдастыру шараларын қабылдау үшін кафедра меңгерушісіне нақты жағдайларды жеке құжаттамай және тергеусіз береді.

7. Оқытудың сапасын жақсартуға және әдістемелік қамтамасыз етуге бағытталған СҚЕК-ның ұсынымдары мен кафедра шешімдерінің орындалуын бақылайды.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Академиялық жұмыс департаменті Академиялық сапа бөлімі	Кафедраішілік бақылау туралы	Редакция: 1
			13 беттің 7 беті

8. Білім беру бағдарламаларын іске асыру сапасы бойынша жалпыланған есептерге енгізу үшін жиынтық талдамалық материалдарды деканатқа және СҚЕК-ға беріледі.

9. Мониторинг, есеп беру және сара-қызметінің нысандары мен әдістерін СҚЕК-ға және АСБ-не үйлестіреді, СІҚЕЖ ішінде бірыңғай әдіснама мен сабақтастықты қамтамасыз етеді.

4. Кафедраішілік бақылаудың ұйымдастыру және жұмыс істеу тәртібі

4.1. КІБ қалыптастыру және ұйымдастыру

1) Білім беру процесінің сапасын кафедраішілік бақылау кафедра меңгерушісі бір оқу жылына тағайындайтын КІБ-ға жауапты адамның басшылығымен тұрақты негізде жүзеге асырылады.

2) КІБ-нің жекелеген міндеттерін орындау үшін педагогикалық бақылаулар, талдау және сараптамалық рәсімдер жүргізу үшін тартылатын кафедра оқытушылары қатарынан уақытша жұмыс топтары құрылады.

3) КІБ үшін жауапты адамды тағайындау және тартылған оқытушылар құрамын бекіту туралы шешім кафедра отырысының хаттамасымен ресімделеді.

4) Кафедра құрамы өзгерген немесе бақылау рәсімдерінің объективтілігін арттыру қажеттілігі туындаған кезде кафедра меңгерушісі КІБ және/немесе тартылған оқытушылар құрамына жауапты адамды өзгертуге құқылы.

5) КІБ қызметін үйлестіруді мектептің (факультеттің) сапасын қамтамасыз ету жөніндегі Комиссия (бұдан әрі - СҚЕК), әдістемелік сүйемелдеуді — Университеттің академиялық сапа бөлімі (бұдан әрі - АСБ) жүзеге асырады.

6) Бағалау мен тәжірибе алмасудың тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін әр түрлі кафедра оқытушыларының peer-review және мониторинг іс-шараларына өзара қатысуына жол беріледі.

4.2. КІБ жауапты және қатысушыларына қойылатын талаптарміндеттері

1. КІБ-ға жауапты оқытушы тағайындалады:

- 1) кемінде 5 жыл педагогикалық өтілі бар;
- 2) әдістемелік және талдамалық қызмет тәжірибесі бар;
- 3) соңғы үш жылда педагогика, оқыту әдіснамасы немесе сапаны ішкі қамтамасыз ету мәселелері бойынша біліктілікті арттыруы бар;

4) педагогикалық байқау, талдау және оқыту сапасын сараптамалық бағалау қағидаттарын білумен қамтамасыз етілеуін меңгерген;

2. КІБ іс-шараларына қатысуға АСБ ұйымдастыратын КІБ және peer-review әдістемесі бойынша кіріспе нұсқаудан немесе қысқаша оқытудан өткен кафедра оқытушылары тартылады;

3. Деректердің дұрыстығы мен салыстырымдылығын арттыру үшін бір мектеп (факультет) шегінде кафедралар арасында өзара айқаспалы тексеруге жол беріледі.

4.3. Объективтілік және тәуелсіздік принциптері

1. КІБ-ың барлық рәсімдері СІҚЕЖ, ESG және ISO 9001:2015 белгілеген

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Академиялық жұмыс департаменті Академиялық сапа бөлімі	Кафедраішілік бақылау туралы	Редакция: 1
			13 беттің 8 беті

адалдық, ашықтық және бейтараптық қағидаттарын сақтай отырып жүргізіледі;

2. КІБ қатысушылары өздері әзірлеуге немесе бекітуге қатысқан оқу материалдарын талдай алмайды. Мұндай жағдайларда бақылау кафедраның, мектептің немесе Университеттің тәуелсіз оқытушыларына беріледі;

3. Объективтілікті қамтамасыз етуге оқытушыларды ротациялау және бірыңғай мониторинг құралдарын пайдалану арқылы қол жеткізіледі.

4.4. Peer-review сарапшылары

1. Педагогикалық бақылау және оқытушылық қызметке талдау жүргізу үшін жыл сайын кафедра оқытушыларының ішінен кемінде бес жыл педагогикалық жұмыс өтілі бар peer-review сарапшылары тағайындалады.

2. Peer-review сарапшылары:

1) АСБ әзірлеген модуль бойынша оқудан өтеді;
2) бекітілген чек-парақтар мен бақылау нысандарын қолданады;
3) нәтижелерді формативті кері байланыспен стандартталған нысанда ресімдейді;

4) жалпыланған нәтижелерді кейіннен талдау және СҚЕК есептілігіне енгізу үшін КІБ-ға жауапты және кафедра меңгерушісіне береді.

3. Қажет болған жағдайда деканатпен келісім бойынша басқа кафедралардан peer-review сыртқы сарапшылары тартылуы мүмкін.

5. КІБ қатысушыларының құқықтары мен міндеттері

5.1. Құқықтар

Кафедраішілік бақылауға қатысушылардың құқығы бар:

1) кафедраның пәндерін оқытуды, әдістемелік қамтамасыз етуді және іске асыруды жетілдіру бойынша ұсыныстар дайындауға қатысуға;

2) оқытушылар мен жауапты тұлғалардан бақылау және талдау жүргізу үшін қажетті материалдарды сұратуға;

3) кафедра меңгерушісіне оқыту мен бағалаудың сапасына қатысты мәселелер бойынша ұсыныстар енгізуге;

4) кафедра отырысында оқыту әдістемесі мен академиялық адалдыққа байланысты мәселелерді қарауға бастамашылық жасауға;

5) бекітілген нысандар бойынша педагогикалық байқаулар жүргізуге, кері байланыс пен ұсынымдарды тұжырымдауға;

6) мониторинг нәтижелері бойынша талдамалық анықтамалар мен есептерді дайындауға қатысуға;

7) оқытушылық қызметтің peer-review рәсімдеріне қатысуға;

8) бекітілген сапа мониторингі құралдарын (чек-парақтар, нысандар, есептілік шаблондары) пайдалануға;

9) АСБ ұйымдастыратын, peer-review және САРА-қызметінің, КІБ әдіснамасы бойынша оқудан өтуге;

10) кафедра мен СҚЕК отырыстарында байқаулар мен ұсыныстардың нәтижелерін ұсынуға міндетті.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Академиялық жұмыс департаменті Академиялық сапа бөлімі	Кафедраішілік бақылау туралы	Редакция: 1 13 беттің 9 беті

5.2. Міндеттері

КІБ қатысушылары міндетті:

- 1) бекітілген мониторинг жоспары шеңберінде КІБ үшін жауапты адамның тапсырмаларын орындауға міндетті;
- 2) бекітілген нысандарды пайдалана отырып, белгіленген мерзімдерде педагогикалық байқаулар жүргізуге;
- 3) ұсынылатын деректердің дұрыстығы мен объективтілігін қамтамасыз етуге міндетті;
- 4) алынған ақпараттың құпиялылығын сақтауға міндетті;
- 5) академиялық әдеп пен адалдық нормаларын сақтауға міндетті;
- 6) белгіленген шаблондарға сәйкес байқаулардың нәтижелерін ресімдеуге;
- 7) КІБ нәтижелерін талқылауға және ұсынымдарын іске асыруға қатысу;
- 8) педагогика, оқыту әдіснамасы және сапаны ішкі қамтамасыз ету саласында біліктілікті арттыруға міндетті.

6. Кафедраішілік бақылауға жауапты

КІБ-ға жауапты адам кафедраішілік бақылаудың барлық іс-шараларының іске асырылуын ұйымдастырады, үйлестіреді және бақылайды.

КІБ үшін жауапты:

- 1) КІБ күнтізбелік жоспарын жоспарлайды және қалыптастырады;
- 2) КІБ іс-шараларына тартылатын оқытушылар арасында міндеттерді бөледі;
- 3) бақылаулар мен кері байланыс нәтижелерін жинауды және талдауды қамтамасыз етеді;
- 4) кафедра меңгерушісі үшін жиынтық талдамалық есептер мен ұсынымдар қалыптастырады;
- 5) СҚЕЖ-нің жалпы есептеріне енгізу үшін СҚЕК және АСБ-не деректерді беруді қамтамасыз етеді;
- 6) мониторинг қорытындылары бойынша ұсынымдардың орындалуын және түзету шараларының іске асырылуын бақылайды.

7. КІБ қызметін ұйымдастыру және жұмыс регламенті

7.1. Жоспар мен жұмысты ұйымдастыру

1. КІБ қызметі кафедра меңгерушісі бекіткен және деканатпен келісілген кафедраішілік бақылаудың жылдық жоспары негізінде жүзеге асырылады.
2. Жоспар СҚЕК мен АСБ белгілеген мониторингтің күнтізбелік кестесіне сәйкес қалыптастырылады.
3. КІБ қызметінің нәтижелері кафедраның САРА-жоспарында көрсетіледі және мектептің (факультеттің) СҚЕК есебіне енгізіледі.

7.2. Жұмыс формалары және шешім қабылдау

1. КІБ іс-шаралары жеке, топтық немесе аралас түрде жүргізілуі мүмкін (бақылаулар, құжаттаманы талдау, сауалнамалар, peer-review).

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Академиялық жұмыс департаменті Академиялық сапа бөлімі	Кафедраішілік бақылау туралы	Редакция: 1
			13 беттің 10 беті

2. Нәтижелер кафедра меңгерушісі бекітетін актілерде, бақылау нысандарында, талдамалық анықтамаларда және есептерде тіркеледі.

3. Ұжымдық талқылауды қажет ететін мәселелер кафедра отырыстарында қаралады.

7.3. Есептілік және орындалу мониторингі

1. Әр семестрдің қорытындысы бойынша КІБ-ға жауапты адам аралық есепті, ал оқу жылы аяқталғаннан кейін — қорытынды есепті дайындайды.

2. Есептер кафедра отырысында қаралады, меңгеруші бекітеді және СҚЕК-на жіберіледі.

3. КІБ ұсынымдарының орындалуы кафедраның САРА-жоспары және оқытушылардың есептері арқылы бақыланады.

7.4. КІБ-ың деканатпен, СҚЕК және АСБ өзара әрекеттесуі

Кафедра меңгерушісі:

- 1) КІБ жоспарын және жауапты тұлғаны бекітеді;
- 2) мониторинг нәтижелерін қарайды және түзету шаралары бойынша шешімдер қабылдайды.

Кафедраның оқу бөлімінің меңгерушісі:

- 1) КІБ ұйымдастырушылық және ақпараттық қолдауды қамтамасыз етеді;
- 2) оқу-әдістемелік материалдар мен бақылау нысандарын жинауды үйлестіреді.

Мектеп (факультет) деканаты:

- 1) әдістемелік және ұйымдастырушылық қолдауды қамтамасыз етеді;
- 2) КІБ нәтижелерін оқыту сапасы бойынша жиынтық есептерде пайдаланады.

СҚЕК:

- 1) КІБ қызметін үйлестіреді, мониторинг және есептілік нысандарын біріздендіреді;

- 2) САРА-жоспарлар мен талдамалық есептерді қалыптастыру кезінде КІБ деректерін пайдаланады.

АСБ:

- 1) КІБ қатысушыларын әдістемелік сүйемелдеуді және оқытуды қамтамасыз етеді;

- 2) СІҚЕЖ цифрлық дерекқорын қадағалайды және есептіліктің толықтығын бақылайды.

7.5. Peer-review оқыту

1. Peer-review кафедраішілік бақылаудың бөлігі болып табылады және бекітілген кестеге сәйкес жүзеге асырылады.

2. Бақылауларды peer-review сарапшылары немесе АСБ модулі бойынша оқытылған оқытушылар жүргізеді.

3. Нәтижелер, параметрлерді тексеру чек-парағы, түсініктемелер мен ұсыныстарды қамтитын бірыңғай түрде жазылады.

4. Объективтілік пен академиялық этика қағидаттарын сақтау және анонимділік қамтамасыз етіледі.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Академиялық жұмыс департаменті Академиялық сапа бөлімі	Кафедраішілік бақылау туралы	Редакция: 1
			13 беттің 11 беті

5. Жалпыланған peer-review нәтижелері мыналар үшін пайдаланылады:

- 1) оқытушыларға дербес ұсынымдар әзірлеу;
- 2) біліктілікті арттыруды жоспарлау;
- 3) үздік тәжірибелерді тарату;
- 4) кафедра мен СҚЕК жиынтық есептерін дайындау.

6. Рәсім ҚазҰМУ-тің «Peer-review оқыту» стандартты операциялық рәсіміне (бұдан әрі - СОР) сәйкес жүргізіледі.

8. Қорытынды ережелер

8.1. Өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі.

Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің бастамасы бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасы, халықаралық стандарттар немесе Университеттің ішкі нормативтік құжаттары өзгерген кезде енгізіледі.

Өзгерістер жобасы құжатты реттеу саласына байланысты Заң бөлімімен және Университеттің басқа да мүдделі құрылымдық бөлімшелерімен міндетті түрде келісілуге тиіс, содан кейін Университет Басқармасының шешімімен бекітіледі.

8.2. Құжаттың қолданылу мерзімі.

Ереже Университет Басқармасының отырысында бекітілген сәттен бастап күшіне енеді және ол ресми түрде жойылғанға немесе жаңа редакциямен ауыстырылғанға дейін қолданылады.

Құжатты қайта қарау кемінде үш жылда бір рет немесе одан бұрын — Университеттің нормативтік базасы, құрылымы өзгерген кезде жүзеге асырылады.

8.3. Танысу және жариялау тәртібі.


Ережелердің өзекті редакциясы Университеттің ресми сайтында орналастырылады.


Құжаттың мұрағаттық нұсқалары істер номенклатурасына және мұрағаттық сақтау мерзімдеріне сәйкес сақталады.

Ережелердің күші қолданылатын барлық қызметкерлер бекітілген сәттен бастап 10 жұмыс күні ішінде оның өзекті редакциясымен танысуға міндетті.

8.4. Орындалуын бақылау.

Осы Ережелердің сақталуын бақылауды жауапты Академиялық сапа бөлімі жүзеге асырады.

[illegible]

[illegible]